

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 26 қыркүйектегі N 838 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін :

1) "Басқарушылар кеңестеріндегі Қазақстан Республикасының өкілдерін тағайындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 18 наурыздағы N 323 қаулысында :

1 - тармақта :

1) тармақшаның үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
"Басқарушының орынбасары - Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі
Дәулет Советұлы Саудабаев;" ;

2) тармақшаның үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
"Басқарушының орынбасары - Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі
Дәулет Советұлы Саудабаев;" ;

3) тармақшаның үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
"Басқарушы - Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау
министрі Бақыт Тұрлыханұлы Сұлтанов;" ;

2) **күші жойылды - ҚР Үкіметінің 29.08.2016 № 488 қаулысымен.**

3) "Орталық Азия Өңірлік Экономикалық Ұнтымақтастық бағдарламасы бойынша Қазақстан Республикасынан Ұлттық үйлестірушіні тағайындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 12 желтоқсандағы N 1194 қаулысында:

1-тармақтағы "Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі Виктор Васильевич Супрун" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі Бақыт Тұрлыханұлы Сұлтанов" деген сөздермен аустырылсын .

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 29.08.2016 № 488 қаулысымен.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі